

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 мамырдағы N 487 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі Болат Советұлы Смағұловқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Келісімге қол қоюға ө к і л е т т і к б е р і л с і н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы

Келісім <*>

(2005 жылғы 13 қазанда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары Бюллетені, 2006 ж., N 2, 19-құжат)

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі,

Қазақстан мен Әзірбайжан халықтары арасында достық байланыстарды кеңейтуге және олардың өмірімен, тарихымен және мәдени мұрасымен жақсы танысуға ықпал етуге ниет білдіре отырып,

туризм халықтар арасындағы өзара түсіністікті нығайтудың, ізге ниет білдірудің және қарым-қатынастарды нығайтудың маңызды құралы болып табылатынын түсіне отырып,

халықаралық құқықтың жалпы қабылданған қағидаттары мен нормаларын б а с ш ы л ы қ қ а а л а отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар осы Келісімге, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес теңдік пен өзара тиімділік негізінде туризм саласындағы ынтымақтастықты нығайтады және дамытады.

2-бап

Тараптар Қазақстанның және Әзірбайжанның туризм саласына күрделі қаржы салуды, сондай-ақ туристерге қызмет көрсету мақсатында бірлескен кәсіпкерлікті жүзеге асыратын туристік ұйымдары арасында ынтымақтастық орнату және оны дамыту саласындағы өздерінің туризмді басқаратын мемлекеттік органдарының қызметін қолдайды.

3-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес және өзара негізде екі мемлекет арасында туристік алмасумен байланысты шекаралық, кедендік және өзге де рәсімдерін оңайлатуға ұмтылады.

4-бап

Тараптар ұйымдастырылған да, жеке де туризмді, мамандандырылған туристер топтарымен алмасуды, соның ішінде спорттық іс-шараларға музыкалық, театрлық және фольклорлық фестивальдерге, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің ынтымақтасушы ұйымдары арасында жасалған тікелей шарттар негізінде туризм мәселелері бойынша өткізілетін көрмелерге, симпозиумдерге және конгрестерге қатысу мақсатында, көтермелейді.

5-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес:
өз мемлекетіндегі туристік қызметті реттейтін нормативтік кесімдер туралы;
туристік көрнекті орындар болып табылатын табиғи және мәдени ресурстарды қорғаумен әрі сақтаумен байланысты ұлттық заңнама туралы;
Тараптар мемлекеттерінің туристік ресурстары туралы;
қонақ үйлерді және туристерді орналастырудың басқа да құралдарын басқару тәжірибесі туралы ақпаратты қоса алғанда туризмді басқарудың мемлекеттік органдарының арасында статистикалық, анықтамалық-ақпараттық, жарнамалық және туризм саласындағы басқа да материалдармен алмасуға жәрдемдеседі.

6-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес туризм саласындағы оқу технологияларымен және зерттеулерімен алмасатын болады, сондай-ақ туристік бизнесті ұйымдастырудағы және басқарудағы тәжірибемен алмасуға ықпал етеді және Тараптар мемлекеттерінің ынтымақтасушы ұйымдарының арасында тікелей шарттар жасасу негізінде туризм саласындағы персоналды оқытуда бір-біріне жәрдем көрсететін болады.

7-бап

Мемлекеттік туризмді басқару органдары Дүниежүзілік туристік ұйымның және өзге де халықаралық туристік ұйымдардың шеңберіндегі ынтымақтастықты үйлестіреді.

8-бап

Тараптар осы Келісімді іске асыруға байланысты шығыстарды дербес көтереді.

9-бап

Тараптардың осы Келісім ережелерінің орындалуына жауапты уәкілетті органдары:
Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі;
Әзірбайжан тарапынан - Әзірбайжан Республикасы Жастар, спорт және туризм министрлігі болып табылады.

Тараптар жоғарыда аталған уәкілетті органдардың атаулары немесе функциялары өзгерген жағдайда, дипломатиялық арналар бойынша бір-бірін уақтылы хабардар етеді.

10-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

11-бап

Осы Келісім Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

12-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде немесе қолдануда даулар немесе келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер жолымен шешетін болады.

13-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі екінші Тараптың оның қолданысын күшін тоқтату туралы өзінің ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

Осы Келісімнің қолданысын тоқтату, егер Тараптар өзгеше белгілемесе, оның қолданылуы барысында қабылдануы мүмкін бағдарламалардың орындалуына әсер етпейді.

200 __ жылғы " __ " _____ каласында әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей .

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ *ӘЗІРБАЙЖАН*
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ ҮШІН *ҮКІМЕТІ ҮШІН*